



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

№
01.08.2018 № 01 ге

Тұрақты комиссияның
2019 жылғы
1 ақпандығы қаулысы

«Елордада тұрғын үй–коммуналдық
шаруашылық кәсіпорындарының
қызмет тиімділігін белсендендіру
және көтеру жөніндегі атқарушы
органдардың жұмысы туралы»
тұрақты комиссияның 2018 жылғы
3 тамыздағы қаулысының
орындалу барысы туралы

Бланк үйлилкі нөміріз жарапсыз
Бланк без сийного номера недействителен

«Елордада тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарының қызмет тиімділігін белсендендіру және көтеру жөніндегі атқарушы органдардың жұмысы туралы» тұрақты комиссияның 2018 жылғы 3 тамыздағы қаулысының орындалу барысы туралы» ақпаратты тыңдап, талқылай отыра, қалалық мәслихаттың құрылышы, экология, көлік, сауда және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы атқарушы органдар аталған қаулы ұсынымдарын орындау жөнінде шаралар атқарып жатқандығын анықтады.

ЖЭО-3 пайдалануға беру мерзімін жеделдету және тұтынушыларды, оның ішінде қала шетіндегі тұрғын үй алаптарын сенімді пайдалану мен сапалы энергиямен және жылумен жабдықтауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жандандыру мақсатында 2020-2021 жылдардағы жылдыту маусымы басталғанға дейін ЖЭО-3-тің 1-кезегін іске қосу жоспарлануда. Жоба құрылышының дайындығы 70 пайызды құрайды. Кірме темір жол және автомобиль жолдары орнатылды. Әкімшілік-тұрмыстық кешен ғимараттары салынды, су дайындау қондырғысы, бульдозерлер үшін бокс, ЖЭО-3-тен индустримальық паркке дейін техникалық суағар төседі.

Тұтынушылардың ұлғайып келе жатқан жүктемесі есебімен жылумен жабдықтаудың жаңа желілерін жобалау және салу жөніндегі іс-шаралар жалғасуда. 2018 жылы 4 км жылу желісі ғана жаңартылды, Астана қаласын газдандыру аясында жұмыстар жүргізілуде.

КПСС
ВХОДЯЩИЙ №
— — —
201 ж.

«АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ
ГУ “АППАРАТ МАСЛИХАТА ГОРОДА АСТАНЫ”

000122

Сәйкестік туралы декларацияға қол қоюды қарастыру мерзімі 5 жұмыс күніне дейін азайтылды.

Сонымен бірге, қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясы тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары қызметін белсендендіру және тиімділігін көтеру жөніндегі тұрақты комиссияның кейбір ұсынымдарын орындау уақытты және нақты әрекеттерді талап ететіндігін анықтады.

«Шұбар» шағын ауданының орталықтандырылған жылумен қамтамасыз етілуі қазіргі уақытта 10 пайызды, «Комсомольский» тұрғын алабын қамтамасыз сту 70 пайызды құрайды. «Астанабасжоспар ГЗЖИ» ЖШС өзірлөгөп Астана қаласының егжей тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкес «Шұбар» шағын ауданын газдандыру жоспарлануда. «Комсомольский» тұрғын алабында жеке құрылым объектілерін қосу ЖЭО-3 жылумен жабдықтау көзі мен 5-ші іске қосылған жылу магистралінің құрылышы аяқталғаннан кейін, көзде бос қуаттар болған жағдайда мүмкін болады.

Астана қаласының Отын-энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы Халыққа коммуналдық қызмет көрсететін қалалық кәсіпорындар үшін бірыңғай регламентті өзірлеу бойынша тұрақты комиссияның ұсынымдарын орындау бойынша іс-шараларды өткізбеді.

14 мектеп пен 17 мектепке дейінгі балалар мекемелеріне әлі күнге дейін автономды жылу беріледі, ал білім беру мекемелері ауданындағы үйлер қалалық жылу беруге қосылған.

Пригородный тұрғын алабындағы қазандық тұрғындардың көптеген шағымдары мен наразылықтарын тудырады, ол ауа мен қоршаған ортаны ластау көзі болып табылады.

Қала тұрғындары алдағы уақытта елорданы, атап айтқанда Заречный тұрғын алабын газдандыру жөніндегі ақпараттың болмауына алаңдаулы.

Жоғарыда айтылғаның негізінде, қалалық мәслихаттың құрылышы, экология, көлік, сауда және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ**:

1. «Елордада тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарының қызмет тиімділігін белсендендіру және көтеру жөніндегі атқарушы органдардың жұмысы туралы» тұрақты комиссияның 2018 жылғы 3 тамыздағы қаулысының орындалу барысы туралы» ақпарат назарға алынын.

2. Астана қаласының әкімдігіне, «Астана қаласының Отын – Энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ, оның ведомстволық бағынысты ұйымдары «Елордада тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары қызметін белсендендіру және тиімділігін көтеру жөніндегі атқарушы органдардың жұмысы туралы» тұрақты комиссияның 2018 жылғы 3 тамыздағы қаулысының ұсынымдарын толық көлемде жүзеге асыру үшін шаралар қабылдау;

- ЖЭО-ны пайдалануға беру мерзімін жеделдету және тұтынушыларды, оның ішінде қала шеттерінің тұрғын алаптарын сенімді пайдалану мен сапалы энергиямен және жылумен жабдықтауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жандандыру;

- қазандықтарды одан әрі табиғи газды пайдалануға ауыстыруды ескере отырып, ЖЭО З жобасын түзету бойынша шаралар қабылдау;

- халыққа коммуналдық қызмет көрсететін қалалық кәсіпорындар үшін ұсынылатын қызмет түрлерін көрсету және мұдделі тұлғалар арасындағы тікелей байланысты болдырмайтын қызметтердің атауын нақты мерзімдерді көздей отырып, бірыңғай регламент әзірлеу;

- желілердің тозуын төмендету мақсатында тұтынушылардың артып келе жатқан жүктемесін ескере отырып, жылумен жабдықтаудың жаңа желілерін жобалау және салу жоніндегі іс-шараларды жалғастыру.

- қаланың экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында жеке сектордың жылышту жүйесінде электр энергиясын арзандату мәселесін зерделеу;


- қалалық мектеп және мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің ғимараттарын орталық жылумен жабдықтау желілеріне қосу мүмкіндігін қарастыру;

- экологиялық қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Пригородный тұрғын алабындағы қазандықтың қатты тұтіндеу себептерін анықтап, жою ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Отын – энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ-не Астана қаласының мәслихатына Заречный тұрғын алабын газдандыру жөнінде ақпарат беру ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының құрылышы, экология, көлік, сауда және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Құрылыш, экология, көлік, сауда
және тұрғын үй – коммуналдық
шаруашылық мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссия төрағасы**



С.Жұнісов